

**Шымкент қаласының Білім басқармасына қарасты «Жол-көлік колледжі»
МКҚК-ның тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша
Аналитикалық анықтама**

Шымкент қаласы

26.06.2023ж.

I. Кіріспе бөлім

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің негізі: "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығы негізінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі Агенттігінің Төрағасымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын басшылыққа ала отырып, Шымкент қаласының Білім басқармасы «Жол-көлік колледжі» МКҚК қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілу.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі: 2023 жылғы 01 маусымнан 30 маусымға дейін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісі қызметінің талданатын кезеңі: 2022-2023 оқу жылының соңы.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының 8 бабы,5-тармағына сәйкес ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 19.10.2016 ж.күнгі №12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары» туралы бұйрығы негізінде Жол-көлік колледжінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау үшін, ішкі талдау жүргізу мақсатында, Жол-көлік колледжі директорының 12.05.2022ж. күнгі №67 б/і бұйрығымен «Жұмысшы тобы» құрылып, бекітілген.

Оның бағыттары айқындалынып,нақты объектілері белгіленді.Ішкі талдаудың өз уақытында және сапалы өткізілуі - жауапты қызметкерлерге жүктелді.

**Жол-көлік колледжінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау келесі мәселелер бойынша
жүргізілді**

- Мемлекеттік сатып алуды жүргізу қызметі (арыз-шағымдар немесе басқа да сұрақтар);
- Кадр бөлімі (жұмысқа қабылдау барысын бақылау мен қадағалау бойынша);
- Оқу бөлімінің жұмыстары;
- Талапкерлерді қабылдау қызметі;
- Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында: белгіленген объектілердің жұмыстары бойынша қолданыстағы заңнамаларды негізге ала отырып зерделенді және жіті тексерілді.

II Сипаттама бөлігі

Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңына сәйкес «Жол-көлік колледжі» МКҚК ішкі аудитінің есебі бойынша:

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің тарапынан мемлекеттік сатып алу бойынша талдау жүргізілуіне байланысты, ішкі аудит жүргізілмеді.

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары» бойынша «Кадр бөлімінің» құжаттарын тексеру жұмыстарының қорытындысы

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – сыбайлас жемқорлық және құқықбұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу мақсатында 12.06-16.06.2023ж. аралығында Кадр бөлімінің құжаттарына тексеру жұмыстары жүргізілді. Атап айтсақ, қызметкерлер мен оқытушылардың жеке құрамының бұйрықтары (5жыл және 75 жыл сақталатын), басты іскерлікке қатысты бұйрықтар, жеке іс қағаздар, еңбек кітапшалары, жеке құрам бойынша бұйрықтарды тіркеу кітабы, дипломдарды тіркеу журналы ваканттық орындарды жариялау тәртібі, кадрларды жұмысқа қабылдау бойынша жүргізілетін әңгімелесу хаттамалары және 2021жыл 19 қарашадағы №568 бұйрықтың болуы.

- Қызметкерлер мен оқытушылардың жеке құрамының бұйрықтары екіге бөлінеді: 5 жыл және 75 жыл сақталатын құжаттар. Бұйрықтардың барлығы дұрыс.
- Басты іскерлікке қатысты бұйрықтар дұрыс. Басталуы 04.01.2020ж.
- Жеке құрам бойынша бұйрықтарды тіркеу журналдары толық толтырылған. 5 жыл және 75 жыл.
- Дипломдарды тіркеу журналдары (2 дана) толық толтырылған.
1) 10.06.2020ж. -17.06.2022ж. 2)17.06.2022ж.
- Жеке іс қағаздар толық тексерілді. Талапқа сай дұрыс жинақталған.
- Еңбек кітапшалары талапқа сай дұрыс толтырылған.
- Ваканттық орындарды жариялау тәртібі **Enbek.kz** сайтында уақытылы жарияланып отырады.
- Кадрларды, педагогтарды жұмысқа қабылдау бойынша жүргізілетін әңгімелесу хаттамалары бар, арнайы папкаға жинақталған.
- ҚР Білім және ғылым министрінің 19.11.2021ж. №568 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымынан босату қағидалары сақталған.

3.Оқу бөлімінің жұмыстары бойынша;

1. Стипендия тағайындау бойынша:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы N 116 Қаулысына сәйкес Білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларын және олардың мөлшерлерін бекіту туралы заңына сәйкес оқу бөлімінің жұмыстары зерделенді. Нәтижесі:

	2019-2020	2020-2021	2021-2022	2022-2023
Қысқы сессия:				
Конитнгент бойынша оқушылар саны	1323	1303	1303	1474
Стипендия тағайындалғандар саны	1012	1152	1152	1131
Пайыздық көрсеткіші	76,4%	88,4%	88,4%	76,7%

	2019-2020	2020-2021	2021-2022	2022-2023
Жазғы сессия:				
Конингент бойынша оқушылар саны	994	877	927	-
Стипендия тағайындалғандар саны	803	732	838	-
Пайыздық көрсеткіші	80,7%	83,5%	90,4%	-

- оқушылардың аралық аттестация және қорытынды аттестация кезеңіндегі оқу үлгерім бағалары зерделенді;
- ішкі тәртіп ережесін бұзған оқушыларға шара көру бойынша (ескерту сөгіс) шығарылған бұйрықтармен танысып, стипендиялық комиссияда ескерілгені анықталды;
- көп балалы және аз қамтылған отбасыдан шыққан оқушылардың ыстық тамақ пен жол ақысы бойынша төлемдер тізіміне енуіне байланысты қажетті құжаттардың сәйкестігі анықталды.
- бюджеттік бос орындарға ақылы топтан ауысатын оқушылардың оқу үлгерімдері және тәртіп бұзушылық жағдайларының болмауы туралы дәлелдемелі құжаттары мен мәліметтері зерделенді;
- колледжді үздік бітірушілердің оқу барысындағы 1-4 курс аралығындағы оқу үлгерімінің «Үздікке» сәйкестігі зерделенді;

2. Сонымен қатар, бітіруші топтардың:

- мемлекеттік емтихандары бойынша құрастырылған билеттер даярлығы;
- арнайы кестеге сәйкес консультациялардың өткізілуі;
- МБК (Мемлекеттік біліктілік комиссиясы) құрамының талапқа сай 3 жыл сайын ауыстырылып отырғандығы анықталынып, зерделенді.

4.Талапкерлерді қабылдау қызметі бойынша;

01.06.2023-30.06.2023ж. мерзімі аралығында Жол-көлік колледжі қабылдау комиссиясының 2022-2023 жылдардағы жұмыс жүргізу барысы мен құжаттардың рәсімделуінің талапқа сай жүргізілуін және тәуекелдікке мүмкіндігі жоғары тұстарын зерделеу барысында жүргізген жұмыстардың нәтижесі

-Талапкерлерді қабылдау іс- жоспары

Талапқа сай жасалған

-Кәсіби бағдар беру жұмысының материалдары

Оқытушылардың қала мен қалаға жақын елді мекендер және аудан мектептеріне жүргізілген үгіт насихат жұмыстары фото суреттерімен жинақталған.

-Қабылдау комиссиясының бұйрықтары

Талапқа сай жасалған

-Құжат қабылдау ережелері

Талапқа сай жасалған

-Тіркеу журналдары(қағаз, электронды)

Уақтылы, талапқа сай, сауатты толтырылған

-Жиналыс хаттамалары

Жұмыс жоспарына сәйкес жиналыстар өткізіліп, уақтылы хаттамалар толтырылған

-Мамандықтар сипаттамалары

Мамандықтар сипаттамалары нақты көрсетіліп, жарнама қағаздары екі тілде дайындалған

-Лицензиялар

Барлық мамандықтар бойынша лицензиялар бар

-Қабылдау комиссиясына жауапты хатшының бекітілу ұзақтығы

Қабылдау комиссиясына жауапты хатшының бекітілу ұзақтығы 3 жылдан артпаған:

2020-2021 оқу жылы, 2021-2022 оқу жылында жауапты хатшы: Утемалиев С.

2022-2023, 2023-2024 оқу жылында жауапты хатшы: Тәліп Е.

2020-2021 оқу жылынан бастап колледжге талапкерлерді қабылдау барысында талапкерлердің құжаттары Шымкент қалалық білім басқармасының сайты арқылы конкурспен іріктеп алынған тізім бойынша қабылданады. Сондықтан талапкерлерді қабылдау бағыты бойынша колледжде сыбайлас жемқорлыққа тәуекелдік болуы мүмкін емес.

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары» бойынша «Мемлекеттік қызмет көрсету» бөлімі бойынша құжаттарды тексеру жұмыстарының қорытындысы

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – сыбайлас жемқорлық және құқықбұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу мақсатында 12.06-16.06.2023ж. аралығында «Мемлекеттік қызмет көрсету» бөлімінің құжаттарына тексеру жұмыстары жүргізілді. Атап айтсақ, академиялық демалыс беру, оқушылардың жеке іс-қағаздарының және құжаттардың түпнұсқалары түгел болуы, студенттерге талап етілген орынға анықтама беру, тәртіп бойынша жатақханадан орын беру, студенттерді ауыстыру және қайта қабылдау ережелері, тегін тамақтандыру бойынша құжаттар мен бұйрықтың түгел болуы.

- Әскерге шақырылған студенттердің анықтама қағазы, өтініштері тіркеліп, академиялық демалыс алуға бұйрық шығарылған. Смартнейшн порталына толық енгізілген.
- Студенттерге талап етілген орынға анықтама беруді тіркеу журналы талапқа сай. Смартнейшн порталына толық енгізілген. Оқушының жеке папкасына аттестаттың түпнұсқасы түгел салынған.
- Студенттер жатақханадан орын алу үшін өтініш толтырғаннан кейін жолдама беріледі. Қажетті құжаттар жинақталып, төлемақыны растау түбіртегі қосымша тіркелген.
- Ауыстыру немесе қайта қабылдау үшін ата-анасының өтініштері тіркелген. Смартнейшн порталына толық енгізілген.
- Тегін тамақтануға категория бойынша әр баланың құжаттары талапқа сай дұрыс жинақталған. Ата-ананың өтініші, бөлім меңгерушісі мен топ жетекшісінің келісімдері қоса тіркелген.

Қорытынды:

Ішкі талдау жүргізу нәтижесі бойынша белгіленген объектілер жұмысы талапқа сай жүргізіліп, сыбайлас жемқорлыққа жол берілмегендігі, сыбайлас жемқорлық пен құқықбұзушылыққа ықпал ететін себептер мен жағдайлардың болмағандығы анықталды.

Тәуекелдерді жою бойынша ұсыныстар:

- Азаматтардың (ата-аналар, білім алушылар, т.б. жеке тұлғалар) цифрлық технологияны әлі де толық меңгере алмауынан (мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді электронды форматта толық жүргізе алмауы) білім беру ұйымындағы мемлекеттік қызмет көрсету орталығына жиі жүгінетіндігі анықталғандықтан, қоғамда қарапайым халықтардың назарына «цифрлық құжат айналымдарының» жүргізілу тәртіптерін жарнамалау ісі үздіксіз жүргізілсе (халыққа таныстырылып отырса).
- Білім беру ұйымының өз қызметінде басшылыққа алатын номенклатуралық құжаттары (ҚР заңдары, ҚР білім және ғылым министрлігінің ережелері, нұсқаулары, т.б.) сондай-ақ, білім мекемесінің жұмыстары бойынша нормативтік-құқықтық актілердің жаңарып отыруына байланысты, өзгерістерді өз уақытында ескеріп отыру....

Ескертпе:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша қабылданған шаралар туралы ақпарат білім беру ұйымының ресми сайтында жарияланды.

Ішкі талдау жүргізетін жұмысшы тобының төрағасы:

А.Б.Акмұлдаев

Ішкі талдау жүргізетін жұмысшы тобы:

Е.Е.Абдираймов

С.М.Омарова

С.А.Алтынбеков

Ф.А.Тургумбаева

Н.Т.Сақбаева